



**Автор:** Рахманбергенова Балнур Абилхасымовна

**Пән:** Сауат ашу

**Сынып:** 1-сынып

**Бөлім:** Бізді қоршаған әлем

**Тақырып:** В әрпі және дыбысы

Тілдік мақсаттар:	<b>Білімділік:</b> мәтіннен сөйлемді, сөйлемнен сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөледі, жаңа үйренген [В] дыбысты анықтайды; дыбыс пен әріпті таниды, оларды бір-бірінен ажыратады; оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу) қолданады, түсініп оқиды; дыбыстарды дұрыс дыбыстайды, оның мағына ажыратушы қызметін түсінеді; көркем жазу талаптарына сай жазу жолы, жол аралығын, жолдың жоғары және төменгі сызықтарын сақтап, әріптің, әріптердің өзара байланыс элементтерін жазады. <b>Дамытушылық:</b> сөздік қоры жаңа сөздермен байиды; сюжетті сурет бойынша әңгіме құрайды. <b>Тәрбиелік:</b> спортпен шұғылдануға, білімді болуға талпынады
Күтілетін нәтиже:	Жаңа дыбыс пен әріпті таниды; сөздерден В дыбысын ажырата алады, в дыбысы кездесетін сөздерді табады, сөздерден сөйлем құрастырады;
Құндылықтарды дарыту:	<b>Эко мәдени құндылық</b> Көркем сөйлеу, денсаулыққа деген қамқорлық, денсаулықты күту. Қазақстан велосипедшілерін тану.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Оқулық, жазу дәптері, флипчарт слайд, сюжетті суреттер, ұнтаспа, «Менің алғашқы сөздігім» көмекші құралы. Бағалауға арналған жұлдызшалар, қызыл, жасыл дөңгелектер
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, көркем еңбек, математика

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен сәлемдесу, «Көңіл күй» жаттығуын орындату Өткен әріптер мен дыбыстарды еске түсіру Сабақ мақсатын хабарлау. <b>Жұмбақ жасыру</b> Дөңгелектері бар- бірақ төртеу емес, Рульмен басқарылады- бірақ мәшине емес, Жүктерді де тасуға болады- бірақ жүк көлігі емес, Спорттық құралға жатады- бірақ жеңіл емес?	<a href="https://www.youtube.com/watch?v=ui8J9vIQ4wA&amp;t=6s">https://www.youtube.com/watch?v=ui8J9vIQ4wA&amp;t=6s</a>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p><b>Дыбыстық талдау дағдыларын дамыту жұмысы. (Айтылым, тыңдалым)</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сурет бойынша әңгіме құрау. Мәтінмен жұмыс.</li> <li>2. Әңгімені сөйлемдерге талдау. Сөйлем санын анықтау.</li> <li>3. Бір сөйлемді сөздерге талдау. Сөйлемдегі сөз санын анықтау.</li> <li>4. Өтілетін жаңа дыбысы бар «ве- ло-си-пед» сөзіне дыбыстық талдау жасау. Қазақстан велосипедшілері туралы ақпарат беріп өту.</li> <li>5. Сөзді буынға бөліп, жаңа дыбыстың орнын анықтау.</li> <li>6. В дыбысының айтылу ерекшелігімен таныстыру.</li> <li>7. В дыбысының таңбасы – оның әрпімен таныстыру. <b>Дыбыстық жинақтау дағдысын дамыту жұмысы. Оқылым</b></li> </ol> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқулықтың 87-бетінде берілген сөздерді мұғалімнің оқушылармен бірге түсініп оқуы.</li> <li>2. В дыбысының сөз алдында, ортасында келетін орнын оқушылардың өз беттерінше табуына мүмкіндік жасау.</li> <li>3. Сөздерді суреттер арқылы есте сақтауын тексеру (ойын арқылы) Тіл ұстарту жаттығуын орындату Вон- вон- вон Тіркесті екінші вагон Вин- вин- вин Өте дәмді витамин Вал- вал- вал Поезд тоқтайтын- вокзал</li> <li>4. «Велосипед» мәтінін бірге, жұппен, жеке оқыту. Мәтінді талдау жұмысын ұйымдастыру Сергіту жаттығуы «Велосипед тебеміз» (МК, Ө) <b>Жазылым</b></li> </ol> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқулықтағы в әрпінің таңбалануына назар аудару.</li> <li>2. Саусақ жаттығуы (В әрпін жасау)</li> <li>3. В әрпін тақтаға жазып көрсету.</li> <li>4. В әрпін ауада жазып көрсету. Жазу дәптерімен жұмысты ұйымдастыру. «Мен көркем жазамын» В әрпінің ішіне В әрпінің жазып стикерлерін жапсыру</li> </ol>	<p>Велосипед теуіп бара жатқан балалар суреті  Велосипед суреті  Дыбыстық талдауға арналған қызыл, көк дөңгелекшелер  Жазу дәптері  Ермексаз  Стикерлер</p>
Сабақтың соңы	<p><b>Бекіту және саралау Саралау тапсырмасымен жұмыс ұйымдастыру:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1-деңгей: Сөздер қатарынан артық сөзді тап.</li> <li>2-деңгей: В дыбысы сөздің қай жерінде келетінін анықта.</li> <li>3-деңгей: Вокзал, вагон сөздерімен сөйлем құра.</li> </ol>	<p>Вокзал, вогон, бақбақ гүлі суреттері</p>
Рефлексия	<p>Кері байланыс  2. «БББ» әдісі арқылы сабақты қорытындылау Жұмбақты жаттап, велосипедті (өздерінің) сипаттап әңгіме құрау тапсырмасын үйге беру</p>	<p>Қызыл, жасыл дөңгелекшелер</p>